

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) МКҚК  
«Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ ортаңғы** «Қарлығаш» тобы

**Балалардың жасы** 3 жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b> Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p>

	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>  Дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту,</p> <p><b>Сөздік қор</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b>  Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p><b>Мәнерлеп оқу</b>  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдері жатқа айтуға үйрету.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b>  Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге баулу.</p> <p><b>Оқу, әңгімелеу</b>  Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға баулу</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b>  Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.</p> <p><b>Мазмұндау</b>  Оқылған шығармалардан ең қызықты ,мәнерлі үзінділерді қайталау.</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b>  балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p><b>Жиын</b> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Сан.</b> Заттарды салыстыру; Заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу</p> <p><b>Шама</b> Биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Геометриялық пішіндерді тану және атау; пішін түрлерін зерттеу.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау.үстінде-астында,алдында-артында,оң-сол</p> <p><b>Уақытты бойынша бағдарлау</b> Қарама –қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау; күндіз-түнде,таңертең-кешке</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p><b>Бала,оның отбасы, үйі.</b> Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға,отбасы мүшелерін,олардың іс-әрекеттерін атауға баулу.</p> <p><b>Заттық әлем</b> Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру,заттар ,ойыншықтар кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатынқозғалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b> Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге,аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру..Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерінқолдау.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу</b> Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,жанашыр,қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор,ұқыпты) аудару.</p>

		<p><b>Менің Отаным- Қазақстан</b>  Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі</b>  Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің түрлерін атау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі</b>  Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b>  Ауа райының жағдайын анықтау (суық,, жылы, ыстық) табиғат құбылыстарын бақылау(маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
	Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалының құрылысы</b>  Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарларға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру  Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;  Ірі және ұсақ құрылыс материалдардан құрастыру;көп түсті құрылым құрастыру.</p> <p><b>Қағаз құрылысы</b>  умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b>  Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</b>  Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу</p>
	Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу</b>  Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды, салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу «(саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен)</p>

	<p>дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сюжетті сурет салу</b>  Бір заттың немесе түрлізаттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету..</p> <p><b>Сәндік сурет салу,</b>  Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату , есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу(ыдыстар, ойыншықтар)</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен танысу. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
Музыка	<p><b>Тақырып: «Менің отбасым»</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау.</p> <p><b>Ән айту:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.</p>